

Бекітемін  
«Облыстық  
көркемөнерпаздардың  
халық шығармашылығы мен  
кинобейнеқор орталығы» КМҚК  
басшысы Д. Калқаев  
2026 жылғы «  » ақпан



**«Алтын микрофон - 2026» Халықаралық  
әншілер байқауына облыстық іріктеу кезеңінің  
ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізілу мерзімі:**

Сәуір – мамыр, 2026 жыл

**Ұйымдастырушылар:**

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

**Байқаудың мақсаты мен міндеттері:**

- өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және қолдау;
- жас орындаушыларды республикалық және халықаралық вокалдық байқаулар мен фестивальдерге қатысуға дайындау.

**Бағалау өлшемдері:**

- дыбыс тазалығы;
- қарқын мен ырғақты нақты орындау;
- репертуардың күрделілігі;
- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- әртістік қабілеті;
- сахна мәдениеті;
- динамикалық реңктерді, нақты дикция мен артикуляцияны сақтау.

## Конкурс талаптары:

- облыстық іріктеу кезеңінің бағдарламасына қатысуға Қостанай облысында тұратын (*тіркелген*) 7-23 жас аралығындағы (*қоса алғанда*), төрт жас санатындағы: 7-10 жас; 11-13 жас; 14-17; 18-23 жас аралығындағы қатысушылар жіберіледі;
- өтініште қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (*толық нұсқада*), туған күні, айы, жылы), оқу немесе жұмыс орны;
- қатысушының қысқаша өмірбаяны;
- электрондық пошта мекен-жайы және байланыс телефон нөмірі; біркелкі ақшыл фонда 2 дана (*белге дейін жақын түсірілген және толық бойымен жалпы түсірілген*) түрлі-түсті фотосуреттер;
- қатысушылар 2 ән «минус» фонограммасымен орындайды, аудиожазбалар келесі тасымалдағыштар бойынша қабылданады: MD; CD; flash card, репертуар бойынша шектеулер қолданылмайды;
- қатысушы вокалдық сүйемелдеуде үш адамға дейін (бэк-вокал) және хореографиялық топ (*8 адамнан аспайтын*) пайдалануға рұқсат етіледі; немесе конкурстық бағдарламаны музыканттың/аспаптық сүйемелдеушінің «жанды» орындауы немесе өз сүйемелдеуімен орындауға құқығы бар;
- кез келген форматтағы «караоке» фонограммаларын пайдалануға қатаң тыйым салынады;
- «плюс» фонограммасы бойынша шығармаларды орындауға, жазылған (плюс) фонограммаларды бэк-вокалдық партиялармен пайдалануға қатаң тыйым салынады;
- конкурстық тыңдауда қатысушы эстрадалық жанрдың кез келген стиліндегі екі вокалдық шығарманы орындайды, қатысушының жасына және орындау техникасына (стиліне, мәнеріне) сәйкес қатысушының таңдауы бойынша, бір әнді қатысушы қазақ тілінде орындайды (*міндетті*).
- әдепсіз сөздер, этикалық нормаларды сақтамайтын немесе саяси астары бар әндер орындалуына жол берілмейді. Мұндай бұзушылықтар қатысушының конкурс бағдарламасынан шығарылуына себеп болады.
- өтінімдер 2026 жылдың 20 ақпанынан 20 наурызына дейін [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электрондық мекен-жайы бойынша қабылданады.
- толық емес өтінімдер немесе жоғарыда санамаланған ілеспе материалдарсыз өтінімдер қарауға қабылданбайды.
- 2026 жылғы 20 наурызда сағат 18:00-ден кейін түскен өтінімдері Конкурсты ұйымдастыру комитеті қабылдамайды.

## **Байқау кезеңдері:**

Байқау 2 кезеңнен тұрады:

- аймақтық;
- облыстық.

### **I. Аймақтық іріктеу кезеңі:**

- аймақтық іріктеу кезеңі 2026 жылдың 1 – 8 сәуір айында өтеді;
- байқаудың кезеңі төрт аймаққа бөлінеді:
  - **01.04.2026:** Арқалық қаласы, Амангелді, Жангелдин, Науырзым аудандары;
  - **03.04.2026:** Лисаков, Рудный қалалары, Жітіқара, Денисов, Қамысты, Б.Майлин аудандары;
  - **06.04.2026:** Тобыл қаласы, Қостанай, Қарасу, Сарыкөл, Ұзынкөл, Мендіқара аудандары;
  - **08.04.2026:** Қостанай қаласы, Федоров, Қарабалық, Алтынсарин, Әулікөл аудандары.
- Қазылар алқасы финалдық көрсетілімдер нәтижесінде әр жас санатында I, II, III орын лауреаттарын анықтайды;
- әр аймақтың I, II, III орын алған қатысушылары облыстық кезеңге жолдама алады.

### **II. «Алтын микрофон - 2026» Халықаралық вокалдық байқауының облыстық іріктеу кезеңі:**

- ❖ Өткізілу мерзімі: облыстық байқау 2026 жылы 6 мамырда өтеді.
- ❖ Өтетін орны: Қостанай қаласы, «Мирас» қалалық мәдениет сарайы.

### **Қазылар алқасы:**

Байқаудың қазылар алқасы Қостанай облысының кәсіби орындаушылары, танымал музыканттары, мәдениет және өнер қайраткерлерінен құралады.

### **Байқау қорытындылары және жеңімпаздарды анықтау:**

- Әрбір конкурстық көрсеткіш бойынша қатысушылар 10 ұпайлық жүйе негізінде бағаланады.
- Қазылар алқасының барлық мүшелерінің берген баллдарының қосындысы қатысушының жалпы рейтингін құрайды.
- Қазылар алқасының шешімдері қайта қарастырылмайды.

**Жол шығындары мен тамақтану:**

Жол шығындары мен тамақтану жіберуші тараптың есебінен өтеді.

**Байланыс телефон: 8 (7142) 56-01-29, 8 705 559 21 02**

**Назар аударыңыз!**

Ұйымдастыру комитеті байқаудың өтетін орны мен уақытын өзгерту құқығын өзіне сақтайды.